



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

дисс.автореф.//Алматы, 2005 жыл.

3. Жанпейісова С.Е. Қазақ тіліндегі кейбір көне нумеративтер //ҚРБ және ҒМ-нің ҰҒА-ның хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 2006 жыл, №4, 45-49-бет.

4. «Сықырлы пішіндер мен сандар әлемінде» Шымкент, «Шикула и К» 2005ж.

ӘОЖ 811.581:37.091.3

ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ЕРЕКШЕ ФОРМАЛАРЫМЕН ТӘСІЛДЕРІ (ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕТУ ҮЛГІСІНДЕ)

Тұрысбек Жанерке Ермекқалиқызы

guniang_janiko@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Шетел илологиясы:қытай тілі
мамандығының IV курс студенті. Астана. Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – Дүкен Мәсімханұлы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі–Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім берудің сапасын жаңарту мен әлемдік білім стандартына сәйкес ұлттық білім беру жүйесін құру екендігі қажет»-деп атап көрсетті. Бүгінгі күні өркениетті елдермен тереземіз тең, егемендікке қол жеткізген заманда, Елбасының Қазақстан халқына жолдауындағы кешенді мәселенің бірі – келер ұрпаққа сапалы да, нәтижелі білім беру болып табылады.

Сондықтан да, қазіргі таңда біздің елімізде білім берудің басты мақсаттары – оқытудың оңтайлы тәсілдері мен жаңа оқыту технологияларын енгізіп, білім алушылардың білім сапасын арттыру; қазіргі қоғамға жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті, көпмәдениетті, тілді жетік меңгерген, толерантты тұлғалар дайындау. Елбасымыздың жүргізіп отырған сындарлы саясатының негізінде Қазақстан көптеген шет елдермен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, экономикалық, дипломатиялық, ғылыми-техникалық, мәдени байланыстар қарқынды дамып келеді [1]. Бұл өз кезегінде шетел тілін жетік меңгерген кәсіби мамандарға деген сұранысты арттыруда. «Жеті жұрттың тілін біл» деп дана халық бекер айтпайды. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Елімізде мектептер мен жоғарғы оқу орындарында ағылшын, неміс, француз т.б. Еуропа елдерінің тілдерін үйрету кеңінен етек жайған, сонымен қатар соңғы жылдары Шығыс Азия елдерімен тығыз қарым-қатынас орнауының салдарынан көптеген жастардың корей, жапон, қытай тілдерін оқып-зерттеуге қызығушылығы арта түскендігін айта кету керек. Тіпті кейбір орта білім беру мекемелерінде бұл тілдер оқу бағдарламасына сәйкес шет тілі ретінде таңдау пәніне енгізілуде. Ал жоғарғы оқу орындарында бұл тілдер бойынша кәсіби білім алушы мамандардың саны жыл сайын артып келеді. Шығыс Азия тілдерін оқып-үйрену елімізде даму процесіне енді енгендіктен, қазіргі таңда оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдері зерттелу үстінде. Әр оқу орнының өзіндік ерекше методикасы бар. Менің мамандығым шетел филологиясы: қытай тілі, болашақта қытай тілінен кәсіби мамандар дайындайтын педагог болуды мақсат еттім, сондықтан қытай тілін үйрету үлгісінде түрлі методикаларға зерттеулер жүргіздім.

Білім берудің басты мақсаты – білім берушінің бойында мәдениеттер арасындағы

байланысқа қажет коммуникативті құзірет дәрежесін дамыту болып келеді [2]. Білім берудің коммуникативті әдісі пайда болып, өріс ала бастағаннан бері коммуникативті құзірет білім берудің басты мақсаты болып қарастырыла бастады. Ол бұрындары кеңінен таралған грамматикалық аударма және аудиоллингвалық әдістердің орнын басты.

Коммуникативті білім беру әдісінде білім алушыларды шет тілінде іс жүзінде қарым-қатынасқа түсуге дайындауға басты назар аударылады. Коммуникативті құзіреттің мазмұны

4 түрлі сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асады:

- Аудио тыңдау;
- Ауызекі сөйлеу;
- Оқу;
- Жазба;

Коммуникативті білім беру әдісі шет тілдерін үйретуде басыңқы орын алды. Бұл білім берудің негізгі мақсаты әрі оны үйретудің басты әдісі болып табылады.

Қытай тілі – көне тілдердің бірі. Қазіргі таңда жер бетінде миллиардтан астам адам қытай тілінде сөйлейді. Қытай тілі батыс-еуроппалық тілдер тобынан біраз ерекшелеу, оның басты ерекшеліктері:



- иероглифтің бар болуы. Әрбір иероглиф бір буын болып есептеледі;
- қытай тілінде төрт ырғақ бар, сөздің мағынасы ырғақ (тон) арқылы анықталады;
- жалаң буынды сөздер жиі кездеседі, күрделі сөздер көп түбірден құралады, бірақ морфологиялық түрлену болмайды;
- сөздердің орын тәртібі мен шылаулар қолданысы негізінде грамматикалық мағына айқындалады.

Біз осы ерекшеліктерге сүйене отырып, тілді зерттеу аспектілеріне жеке-жеке тоқталу арқылы, яғни қытай тілінің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, иероглификалық ерекшеліктеріне негізделе отырып, тілді үйретудің ерекше формалары мен тәсілдерін қарастырамыз.

Алдымен фонетикалық ерекшелікке тоқталатын болсақ, қытай тілінің ең қиын тұсы – қытай тілінде тұрақты алфавит жоқ. Қытай тілінің фонетикалық алфавиті – пиньин.

Екпіннің бар болуы, тіл үйрену мен коммуникативті күзіреттің нәтижелілігі – ырғақты дұрыс игере алуға байланысты болуы фонетикаға барлық кезеңдерде ерекше көңіл бөлуді талап етеді, себебі оқушы дыбысты шығаруды үнемі жаттықтырып отыру арқылы ғана тұрақты машықтана алады. Ырғақ сөздің мағынасына үлкен әсерін тигізеді, сондықтан қазіргі таңда қытай тілінде сөйлеудің әлемдік тәжірибесінде «атональдік» сөйлеу әдісі жоқ, себебі ол ойды дұрыс жеткізбеуі мүмкін. Қытайлық мамандар шетелдіктің дыбысты айтуы нормативті-қытайша айтылуға қаншалықты жақын болса, соншалықты оның тыңдап түсіну қабілеті де жоғарылай түсетінін және ол қытайша сөйлемді дұрыс құрастыра алатынын анықтаған. Сабак барысында өлеңдері, диалогтары, санамақтары бар аудио жазбаларды белсенді түрде тыңдау, студенттің фонематикалық және интонациялық есту қабілетін қалыптастырады. Қытай тілінің фонетикасы күрделі, демек дыбыстарды айту және қытайша сөздерді тыңдап қабылдау ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Ол үшін аудио жазбалармен жұмыс жасау өте маңызды болып табылады.

Аудио жазбалармен жұмыс жасауды 3 деңгейге бөліп қарастыруға болады:

1. Бастауыш деңгей – механизмдерді қалыптастыру деңгейі. Яғни, оқушылардың сөздік қоры аз болып келетін бастапқы кезеңде, қытайша дыбыстарды, буындар мен сөздерді тыңдап қабылдау, ажырата алу, дыбыстай алу механизмдерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі керек. Осы деңгейде көптеген оқытушылардың жіберетін қателігі – үйрету барысында оқушыларға дыбыстарды өзі айтып үйрету. Оқушы тек мұғалімнің сөйлеу әдісіне үйреніп қалып, қытай азаматтарымен байланысқа түскенде қиналып қалатын жағдай көптеп кездеседі. Міне, сондықтан да, бастапқы кезеңде аудио жазбаларды қолдану өте маңызды болып табылады.

2. Ортаңғы деңгей – оқушының түсіну қабілеттерін қалыптастыру. Бұл деңгейде оқушыға тыңдап түсіну үшін сипаттама әрі баяндама түрінде келген 2-3 минуттық мәтіндер беріледі.

3. Қарым-қатынасқа түсу деңгейі – бұл қорытындылаушы деңгей. Қытай азаматтарын емін-еркін тыңдап түсіну оқушының өз-өзіне сенімін арттыра түсіп, ары қарай белсенді түрде диалог жүргізуге итермелейді.

Студент ойын толыққанды жеткізе алу үшін 3 тілдік аспектілерге сүйенеді:

- Фонетикалық;
- Лексикалық;
- Грамматикалық;

Бұл үшеуі сөйлеу процесінде тығыз байланысты. Фонетикалық тұрғыда қарастырдық. Ал грамматикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, сөйлеу барысында әлдеқашан қалыптасып қойған грамматикалық білім қолданылады. Яғни, тілді үйренушілер жаңа сөз өткенде, оларды дара сөз ретінде емес, оның қолдану аясымен бірге қарастырып үйрену керек. Сабақ барысында оқушының алдына нақты коммуникативті міндеттер тұрады, оларды орындау үшін, мына жайттарды ескеру қажет: біріншіден, оқушы мұғалімнің көңілін қытай тілінде өзіне аудара білу керек, қалай сұрақ қою керектігін білу керек және лексика-грамматикалық құрылымдарды білуі қажет; екіншіден, диалогты толыққанды аяқтай алу үшін мұғалімнің жауабын түсіне алу керек. Оқушының алдында тұрған нақты коммуникативті міндеттерді орындай алу үшін «оқушы ↔ мұғалім», «оқушы ↔ оқушы», «оқушылар ↔ оқушы» арасында шынайы диалогтар жүргізілуі қажет. Сонымен қатар бұл процессті жиі орындап отыру қажет. Оқушылардың қытай тілінде сөйлеуге деген құлшынысын арттыруға оқу кабинетінің де ықпалы зор екенін айта кеткен жөн. Қытай тілі кабинетіне кіргенде, оқушы өзін басқа әлемге түскендей сезінуі қажет. Яғни, кабинет қытай елінің мәдениетін бейнелейтіндей безендірілуі қажет, сонымен қатар студенттің білімін жетілдіретін түрлі таблицалар да ілінгені жөн. Сабақ барысында ойын элементтерін пайдалану да өте маңызды. Ойын барысында оқушы өз қызметіне шындап кіріседі және өзінің мүмкіндіктері мен қабілетін барынша көрсетуге тырысады. Оқу процесінде осындай іс-шаралар көптеп жүзеге асырылған сайын, білім берудің нәтижелері де көзге көрінерліктей болады, сонымен қатар қытай тілінде коммуникацияға түскенде оқушылардың тілдік барьерін жоюға септігін тигізеді.

Кез-келген шетел тілін үйрену барысында біз түрлі қиындықтарға тап боламыз. Мысалы, шет тілінің ерекше грамматикалық элементтерін қалай түсіндіру керек? Оқушының қызығушылығын қандай жолдармен арттыру керек? Оқушылардың білім деңгейін қалай бақылау керек? Бұл мәселелерде, әсіресе, Шығыс Азия тілдері, нақтырақ айтсақ қытай тілінде көптеген қиындықтар бар. Астана қаласының №67 мектеп-гимназиясында қытай тілі шет тілі ретінде оқытылады. 2014 жылы мен сол мектепте педагогикалық практикадан өттім. Ол жердегі ең маңызды проблемалардың бірі – бұл пәнге сабақ сағаттарының аз бөлінуі (аптасына 1-2 сағат). Мен өз тәжірибемнен айтатын болсам, бұл мәселелерді шешу үшін оқу процессін көкейкесті ету өте маңызды болып табылады — яғни оқушылардың деңгейлерін көтеретін және тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыратын өзекті тілдік элементтер мен әдіс-тәсілдерді арттыру қажет [3.25].

Қытай әріптік таңбаларын үйрену ең күрделі тілдік аспектілердің бірі болып табылады, әсіресе бастапқы кезеңде. Бұл кезекте мұғалімнің басты міндеті – бұл күрделі

процессті оқушыға жеңілдетіп жеткізу. Біріншіден, материалды жүйеге келтіру, құрылымдау және де оқушыға әр иероглифті құрайтын бөліктерді бір-бірінен анық ажырата алуды үйрету. Екіншіден, иероглифтермен жұмыс істеуге машықтана бастағанда және иероглифтік қор жиналған сайын, иероглифті үш аспектіні біріктіретін тұтас бір белгі ретінде қарастыруды үйрету. Бірінші аспект — орфографиялық (иероглифтің жазылуы), екінші аспект — фонетикалық (иероглифтің оқылуы), үшінші аспект — семантикалық (иероглифтің мағынасы). Бірақ, иероглификаға (негізгі графикалық сызықтар мен кілттер, каллиграфия негіздеріне) тікелей кіріспес бұрын, мұғалім алдымен түсінікті әрі қызықты етіп, көрнекі материалдарды қолдану арқылы оқушыларды қытай иероглификасының даму кезеңдерімен, бірнеше мыңжылдықтар бойы иероглифтердің бірте-бірте өзгеріске ұшыраған пішіндерімен таныстыруы қажет. Қытай жазбасының маңыздылығы мен мағынасын, қазіргі күнге дейін сақталып қалу себебін, оның реформалары мен даму келешегі туралы толық ақпарат беруі керек. Сонымен қатар, оқушыға логикалық талдау мен анализ жасауды, салыстыруды, өзіндік қорытынды жасауды үйрету де — мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Мұндай танысу сабағын мұғалім жарқын, эмоционалды, бейнелі түрде өткізгені дұрыс, мысалы ашық сабақ ретінде өткізу арқылы, бастапқы кезеңнен-ақ оқушылардың иероглификаға деген қызығушылығын арттыруға болады. Ең бастысы, мұғалім оқушыларға бұл тақырыптың маңыздылығын жеткізе алуы тиіс. Қытай тілін үйрету методикасында сабақ сағаттарының аздығының кесірінен иероглификаға жеке аспект бөлінбейді. Мұғалімдер, сабақ өту барысында өтілген жаңа иероглифтердің жазылу тәртібіне, әдемілігіне және сызықтардың санына тоқталып ғана үлгереді, иероглифті құраушы бөліктердің бір-бірімен байланысын қарастыруға көңіл бөлінбейді, ал бұл өз кезегінде иероглифті түсінудің, әрі жеңіл жатталуының кілті болып табылады. Ал иероглифтерді құр жаттай беру өте көп күш пен уақытты талап етеді[4.17].

Иероглифтар классификациясына тоқталып, қытай иероглифтарын топқа бөлуден бастасaq:

1. Бейнелік таңбалар. Бұл таңбалар қарапайым пиктограммалардан шыққан. Уақыт өте келе бұл таңбалар жеңілдеп, түрін өзгертіп, өзінің бастапқы түрін жоғалтқан. Дегенмен оның бейнесіне қарап қандай зат туралы айтылып тұрғанын түсінуге болдады. Мысалы:

水 — су

日 — күн

木 — ағаш

雨 — жаңбыр

2. Нұсқаушы таңбалар. Бір нәрсеге немесе бейнеге нұсқап, сондай-ақ бір бейненің орналасқан жерін көрсететін таңбалар. Мысалы:

上 — үстіне, үстінде

下 — астына, астында

3. Синтетикалық таңбалар. Бұл таңба бірнеше қарапайым бейнелік және нұсқаушы синтездік таңбаларды білдіреді.

林 — орман (екі ағаш)

4. Фонетикалық таңбалар. Екі бөліктен тұрады: аталмыш түсінікке байланысты, яғни детерминатив (кілті бар) және жуық шамамен иероглифтың дыбысын беретін фонетика. Яғни «ағаш» кілті «орман» тақырыбына байланысты көптеген иероглифтардың

松 (sōng) — қарағай (公 gong)

树 — ағаш отырғызу

құрамына кіреді. Мысалы:

5. Түрі өзгерілген таңбалар. Бұл топқа кейбір элементтері өзгерілген

жоғарыда көрсетілген 4 категорияның иероглифтары кіреді.

6. Жаңа таңбалар. Бұл топқа жаңа терминдер мен түсініктерді белгілейтін иероглифтар кіреді. Көбінесе бұл таңбалар транскрипциялық-фонетикалық принцип бойынша құрастырылған.

Иероглифтың мазмұнын түсіну үшін, оның тарихына шолу жасап, мәніне назар аудару керек. Мысалы:



«nv» – қыз. Қытай елінде қыз бейнесі, қыздың жүріс - тұрысы ерекше сипатталған. Яғни, инабаттылық, ибалық қасиеттерін ескере отырып, жазба әріптік таңбаларды сол кейіпте берген. Әрине уақыт өте келе, заманауи талаптармен, өркениеттің алға басуына

байланысты «nv» яғни «қыз» қытай тіліндегі иероглифтік таңбасы өзгергенмен, түпнұсқадан айырмашылығы тек дәлдігінде, яғни әр сызық ұшталып белгіленген.

Иероглифалық жазбалар өз ішінде күрделі, әрі түрлі ой реңдерін білдіре отыра, сарқылмас мүмкіндіктер жасырып тұрған тарих. Мұғалім, өз кезегінде, оқушыларға іші сызықтарға толы шаршыны жаттата берудің орнына, иероглифті құраушы бөліктерінің мағынасын түсіндіре отырып, әр иероглифті есте сақтауға септігін тигізуді мақсат етуі керек.

Мектепте өткен педагогикалық практикамынң қорытындысы ретінде мен қытай тілін үйретудің коммуникативті әдіс-тәсілдері кеңінен қолдануды ұсынамын. Мысал ретінде мыдай үлгідегі сабақтарды келтіруге болады:

- Коммуникативті үлгідегі сабақтар;
- Конференция сабақтар;
- Экскурсия сабақтар;
- Олимпиада сабақтар;
- Спектакль сабақтар өткізу.

Бұндай сабақтарға дайындалу барысында, оқушылар қытай тілінде өз ойын жеткізуді үйренеді, өзіндік тілдік барьермен күреседі, оқушылардың есте сақтау қабілеті күшейеді, және де ең бастысы, оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығы арта түседі. [5.12]

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан». – Астана, 2007. – 70б.
2. ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабы
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі 1(39) 2011жыл – 34б
4. Қытай филологиясына кіріспе. Дүкен Мәсімханұлы 2004 ж.
5. Қытай тілі фонетикасының негіздері. Дүкен Мәсімханұлы 2001 ж.

ОӘЖ (УДК) 2-135.3 (510)

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Успанова Айжан Жумабаевна

uspanova2012@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің халықаралық қатынастар факультетінің 3- курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Мансүр Шолпан

Қытай мәдениетін терең оқып таныған сайын, сандардың ерекше орнын аңғарасың. Қытай халқының күнделікті өмірде сандарды қолдану аясы тек сауда саласымен, есеп-қисап, санақ жүргізуден басқа, олардың сөз мәнерін байыту мен жеңілдету қызметін атқаратындығы қызықты жағдай. Сондай-ақ философия, медицина, музыка, архитектура шеңберінде де